

ӘОЖ 336.741.28

<sup>1</sup>Г.Қ. Шуланбекова\*, <sup>2</sup>Г.К. Рашева

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, заң факультетінің кеден,  
қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Қазақ Еңбек және Әлеуметтік қатынастар Академиясының әлеуметтік ғылымдар және құқық факультеті  
азаматтық-құқықтық пәндер оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: gul15-73@mail.ru

### Қазақстан Республикасында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді құқықтық реттеудің кейбір мәселелері

Мақаланың мақсатына сәйкес елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді құқықтық реттеудің өзекті мәселелері зерттелген. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қазіргі және болашағына қатысты қоғамдық және ғылыми пікірлері талданған. Соңында осы мәселені шешу жолдары қарастырылған.

**Түйін сөздер:** азық түлік қауіпсіздігі, күн көрістің ең төмен деңгейінің шамасы, тұтыну себеті.

G.K. Shulanbekova, G.K. Rasheva

#### Some issues of legal regulation of food safety in the Republic of Kazakhstan

In this article it is considered legal questions of food security of RK. In article today's situation, and problems of food security is discussed. And at the end of article it is considered ways a solution ensuring food security.

**Key words:** food safety, subsistence coefficient, food basket.

Г.К. Шуланбекова, Г.К. Рашева

#### Некоторые вопросы правового регулирования продовольственной безопасности в Республике Казахстан

В данной статье рассматриваются правовые вопросы продовольственной безопасности РК. В статье обсуждаются сегодняшнее положение и проблемы продовольственной безопасности. Также рассматриваются пути решения проблемы обеспечения продовольственной безопасности.

**Ключевые слова:** продовольственная безопасность, минимальный прожиточный коэффициент, продовольственная корзина.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету кез келген мемлекет үшін ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі күрделі жаһандық мәселе болып табылады. БҰҰ-ның болжамы бойынша Жер шары тұрғындарының саны 2020 жылға қарай 7,5 млрд-қа дейін, ал 2050 жылға қарай 9,3 млрд-тан асады. БҰҰ азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы материалдарына сүйенер болсақ, 2010-2012 жж. аралығында 870 млн-ға жуық адам немесе жер шарының әрбір сегізінші тұрғыны аштық жағдайында болған. Жер шарының тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін өндірісті екі есеге арттыру қажеттілігі туындауда [1].

Азық-түлікпен қауіпсіздігі ұғымының қалыптасуына 1972-1973 жж. Астық дағдарысынан кейін енгізілген болатын. Алғашында әлемдік азық-түлік қауіпсіздігі әлемнің барлық елдері үшін негізгі азық-түліктің қолжетімділігі жағдайындағы азық-түлік нарығындағы тұрақтылықты сақтау ретінде қарастырылды [2]. 1974 жылы БҰҰ-ның «әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша халықаралық міндеттемелер» резолюциясы дайындалған болатын. Азық-түлік қауіпсіздігін басқару деңгейлерін келесідей бөліп қарастырады: жаһандық деңгей, мемлекетаралық деңгей, ұлттық деңгей, аймақтық деңгей, үй шаруашылығы деңгейі және жеке деңгей.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында, ХХІ ғасырдың жаһандық он сын-қатері ерекше аталып кеткен болатын. Жолдауда Елбасымыз бірінші сын-қатерге тарихи уақыттың жеделдеуін; екінші сын-қатерге жаһандық демографиялық теңгерімсіздікті; үшінші сын-қатерге жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатерді; төртінші сын-қатерге судың тым тапшылығы; бесінші сын-қатерге жаһандық энергетикалық қауіпсіздікті; алтыншы сын-қатерге табиғи ресурстардың сарқылуын; жетінші сын-қатерге үшінші индустриялық революцияны; сегізінші сын-қатерге үдей түскен әлеуметтік тұрақсыздықты; тоғызыншы сын-қатерге өркениетіміз құндылықтарының дағдарысын; оныншы сын-қатерге жаңа әлемдік тұрақсыздық қаупін жатқызған болатын, Елбасы өз Жолдауында: «Бүгіннің өзінде әлемде миллиондаған адам аштыққа ұшырап, миллиардқа жуық адам тағамның ұдайы жетіспеушілігін бастан кешіруде. Тамақ өнімдерін өндіруде революциялық өзгерістер жасамаса, осынау үрейлі цифрлар тек өсе түспек. Біз үшін бұл сын-қатер астарында орасан зор мүмкіндіктер бар. Біз қазірдің өзінде астық дақылдарын аса ірі экспорттаушылар қатарына ендік. Бізде аса ірі экологиялық таза аумақтар бар және экологиялық таза тағам өнімдерін шығара аламыз. Ауыл шаруашылығы өнеркәсібінде сапалы секіріс жасау толықтай қолымыздағы нәрсе. Бұл үшін бізге жаңа тұрпаттағы мемлекеттік ой-сана қажет болады» [3] деп көрсеткен.

Жоғарыда аталған сын-қатерлердің бірі азық-түлік қауіпсіздігі құқықтық реттеу мәселелеріне тоқталмақпыз. Алдымен, азық-түлік қауіпсіздігі ұғымына тоқталар болсақ, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 4-бабы бойынша: «Ұлттық қауіпсіздік түрлеріне қоғамдық қауіпсіздік, әскери қауіпсіздік) саяси қауіпсіздік, экономикалық қауіпсіздік, ақпараттық қауіпсіздік, экологиялық қауіпсіздік жатқызылып, экономикалық қауіпсіздік экономиканың орнықты дамуы және оның тәуелді болмауы қамтамасыз етілетін, Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының

жай-күйі ретінде анықталған; Экономикалық қауіпсіздікке мемлекет тұтынудың және демографиялық өсудің физиологиялық нормаларын қанағаттандыру үшін жеткілікті болатын сапалы және қауіпсіз азық-түлік тауарларына халықтың нақты және экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ете алатын экономиканың, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешеннің қорғалу жай-күйін көздейтін азық-түлік қауіпсіздігі жатқызылады [4]». Яғни, азық-түлік қауіпсіздігін ұлттық қауіпсіздіктің, соның ішінде экономикалық қауіпсіздіктің бір бөлімі ретінде анықтаймыз.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Заңы бойынша азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өлшемдері мен негізгі бағыттары айқындалған, яғни:

1) азық-түлік тауарларына нақты қолжетімділік;

2) азық-түлік тауарларына экономикалық қолжетімділік;

3) тағамдық өнім қауіпсіздігінің кепілдігі азық-түлік қауіпсіздігінің өлшемдері болып табылады.

2. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттары:

1) ішкі аграрлық азық-түлік нарығын молықтыру үшін, оның ішінде отандық ауыл шаруашылығы өнімі мен оның тереңдете қайта өңделген өнімдерін өндірушілерді қолдау арқылы молықтыру үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) азық-түліктің ішкі ресурстарына қатысты азық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің мониторингі;

3) азық-түлік тауарларына сұраныс пен ұсынысты болжау;

4) тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

5) орталық атқарушы органдар мен жергілікті өкілді және атқарушы органдардың агроөнеркәсіптік кешен субъектілерімен өзара іс-қимылы болып табылады.

Аталған заңнама бойынша азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларына сәйкес азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану; Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру; азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейінің

мониторингі; азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларына генетикалық түрлендірілген тамақ өнімдерінің, құрамында генетикалық түрлендірілген организмдер бар азық-түлік тауарларының сатып алынуын болғызбау арқылы азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі деп көрсетілген.

Сонымен қатар егер республикадағы азық-түлік тауарларының жылдық өндірісі физиологиялық тұтыну нормаларына сәйкес халықтың жылдық қажеттілігінің сексен пайызынан төмен болса, онда Қазақстан Республикасының азық-түлік тауарларының түрлері бойынша тәуелсіздігі қамтамасыз етілмеген деп есептеледі [5].

Ұлттық азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін агроөнеркәсіптік саладағы жүргізіліп жатқан реформалармен және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерімен өзара байланыста қарастыруымыз қажет.

Біріншіден, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етілгені тек мемлекет үшін ғана емес, оның әрбір мүшесі үшін маңызды болып табылады.

Екіншіден, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тек халықты тамақ өнімдерімен жеткілікті қамтамасыз етумен шектелмейді, оған: азық-түліктің стратегиялық қорын құру, ауыл шаруашылығындағы өндірістің дамуы, азық-түлік шикізаттарын өңдеу механизмі, тамақ өнімдерін уақытысында тасымалдайтын көлік жолдарының болуы, фитосанитарлық, ветеринарлық ережелердің сақталуын қадағалау, халыққа қолжетімді бағаның болуы кіреді.

Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі – халықты азық-түлік тәуелсіздігіне, азық-түліктің қолжетімділігіне, мемлекеттің, қоғамның және азаматтардың жеке мүдделерін қамтамасыз етуге қажетті және азаматтардың қалыпты өмір сүру деңгейіне кепілдік беретін экономикалық санат [6].

Енді азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы кейбір түйінді мәселелер мен оларды шешу жолын ұсынбақпыз: азық-түлік қауіпсіздігін толық қамтамасыз ету үшін тамақ өнімдерінің рыноктағы бағасы қолжетімді және тұрақты болуы керек. ҚР статистика агенттігінің мәліметтеріне жүгінер болсақ, азық-түлік тауарларының бағасы бір ғана 2013 ж. тамызы мен 2012 ж. тамызын салыстырып қарасақ 4,3% ға өскен. Сонымен қатар халықтың тұтыну шығыстары 93 149 тг. болса, азық-

түлік тауарларына шығысы 43 816 құрайды, яғни халық өз табысының жарты бөлігін тамақ өнімдеріне жұмсайды. Қазіргі халықтың тек азық-түлік қана емес, сонымен қатар азық-түлік емес тауралары (үйге арналған тауарлар, дәрі дәрмек, көлік құралдары, тұрмыста және жеке қолданылатын заттар, демалуға, білім алуға, мәдени шараларға) мен ақылы қызметтерге (коммуналдық, білім беру, денсаулық сақтау, көлік және байланыс) жұмсайтын шығысы да жеткілікті басқа да шығындары жеткілікті екені белгілі, сондықтан азық-түлік бағасы және азық-түлік бағасының халықтың табысына сәйкес болуы реттелуі керек.

Күнкөрістің ең төмен деңгейінің шамасы – ең төмен деңгейдегі тұтыну қоржыны құнының шамасына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай табыс, ол азық-түлік қоржынының құнынан және азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілген қызметтерге жұмсалған шығыстардан тұрады. Ең төменгі тұтыну қоржынының құны тамақ өнімдерін тұтынудың нормаларын облыстарда ай ортасында қалыптасқан орта бағаларға көбейту жолымен ай сайын есептеледі, бұл әрбір өңір бойынша инфляцияның деңгейін есептеуге мүмкіндік береді. Ең төменгі тұтыну қоржынында азық-түлік қоржыны мен азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерге шығыстардың үлесі арасындағы арасалмақ Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 02.12.2005 жылғы № 307/1-п және Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 05.12.2005 жылғы №194 «Күнкөрістің ең төменгі деңгейін есептеудің ережелерін бекіту туралы» бекітілген біріккен бұйрықтың негізінде 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасын есептеудің жаңа әдістемесі енгізілді. Азық-түлік қоржынының тамақ өнімдерінің жиынтығы 43 тамақ өнімдерінің атауынан тұрады. Ертерек азық-түлік қоржыны 20 өнімдерінің атауынан тұрған. Азық-түліктің ең төменгі деңгейінің жаңа құрамы бір немесе өзге де өнімнің маусымдылығы есебімен түзетіледі, оның үлесі күнкөрістің ең төменгі құнының 60%-ын құрайды. Күнкөрістің ең төмен деңгейінің шамасы 2013 жылдың 1 тоқсанында 17 077 тг. құрайды. Тұтыну себетіне Францияда коммуналдық шығындар кіреді. Ал Германияда тұтыну себетіне 750 тауар түрі енеді. Олар:

тамақ өнімдері, киім, пәтер жалдау ақысы, тіпті, ай сайынға балалар бақшасының ақысы, азық-түлік тауарларын үйге жеткізіп беру қызметі, ауруларды күтуге жұмсалатын шығындар. Біздің елімізде де тұтыну себетін қайта қарастыруды соның ішінде, оған экологиялық таза өнімдер мен киім, пәтер жалдау ақысы, тіпті, ай сайынға балалар бақшасының ақысы, азық-түлік тауарларын үйге жеткізіп беру қызметі, ауруларды күтуге жұмсалатын шығындар кіруін ұсынамыз.

Азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйесінің көрсеткіші тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі деңгейімен анықталатыны белгілі. Соңғы кездері бұл мәселе ерекше маңызға ие болды, отандық нарыққа түскен тамақ өнімдерінің сапасының төмендігінен тамақтан улану фактілері, ішек инфекциялық ауруларына шалдыққандар саны де көптеп кездесуде. Импортталған тауарлардың сапа талаптарына жауап бермейді және денсаулыққа зияндылығы

жоғары. Бұл тамақ өнімдері гендіктүрлендірілген шикізаттардан дайындалуда, ал бұл дегеніміз ұлттың денсаулығының төмендеуіне әкеп соғуда [9]. Аталған факторлардың орын алуына әсер етіп отырған жағдай ол тамақ өнімдерінің сапасын мемлекеттік қадағалау қызметін жетілдіруді қажет етеді.

Қорытындылай келе, азық-түлік қауіпсіздігі бұл ұлттық, экономикалық қауіпсіздіктің бөлігі, оның қамтамасыз етілуі халық денсаулығы мен демографиясының жоғары көрсеткіштерге көрсетуіне тікелей әсер етеді, сондықтан да азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін кешенді мәселе ретінде қарастыруымыз керек, себебі азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі үшін еліміздің сыртқы, ішкі тауар айналымы, халықтың әлеуметтік жағынан қорғалуы сияқты салалардағы мәселелермен тығыз байланысты. Сондықтан да болашақта бұл мәселені құқықтық реттеуді жетілдіруіміз қажет.

#### Әдебиеттер

1. Декларация Всемирного Саммита по продовольственной безопасности: Всемирный саммит по продовольственной безопасности Рим, 16-18 ноября 2009 года / Продовольственная и сельскохозяйственная организация Объединённых Наций - // <ftp.fao.org/docrep/fao/Meeting/018/k6050r.pdf>.
2. Документы ООН / Организация Объединённых Наций — <http://www.un.org/ru/documents/>.
3. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // «Параграф» ақпараттық жүйесі 2013.
4. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы // «Параграф» ақпараттық-анықтاما жүйесі 2013.
5. Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 Заңы // «Параграф» ақпараттық жүйесі, 2013.
6. Жанбекова З.Х. Продовольственная безопасность Казахстана : теоретические аспекты и приоритеты обеспечения : Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.э.н. / З.Х.Жанбекова. - КЭУК, 2008. - 21 с.
7. Қазақстан Республикасындағы халықтың тұрмыс деңгейін мониторингілеу. Электрондық кестелер. 2013 жылдың 1 тоқсаны. // ҚР Статистика Агенттігінің интернет-сайты: [//www.kaz.stat.kz](http://www.kaz.stat.kz) 2013.
8. Германия туралы ақпараттық сайт Deutsche Welle. – 2008. - // <http://www.dw-world.de>
9. Киршке Д. Международная аграрная экономика и аграрная политика // Международный сельскохозяйственный журнал. – 2000. - № 6. – С. 5-13.

#### References

1. Declaration of the World Summit on Food Security : The World Summit on Food Security Rome , 16-18 November 2009 / Food and Agriculture Organization of the United Nations - // <ftp.fao.org/docrep/fao/Meeting/018/k6050r.pdf>.
2. Documents UN / United Nations -<http://www.un.org/ru/documents/>.
3. Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenti - Elbasy N.A. Nazarbaevtiñ halkyna Zholdauy Kazakhstan « Kazakhstan - 2050» Strategiyasy qalyptasnan memleketin Zhana sayasi baryty // «Paragraph» aqparattyk zhyyesi 2013 .
4. Kazakhstan Respublikasynuñ Ultyk қауіпсіздігі туралы Kazakhstan Respublikasynuñ 2012 zhylyfy 6 қаңtardafy number 527 -IV Заңу // «Paragraph» aqparattyk - анықтama zhyyesi 2013 .
5. Agroönerkәсіptik keshendi zhane ауылдық аумақtardy damytudy memlekettik retteu туралы Kazakhstan Respublikasynuñ 2005 zhylyfy 8 shildeдегі Заңу N 66 // «Paragraph» aqparattyk zhyyesi 2013 .
6. Zhanbekova ZH Food security in Kazakhstan: theoretical aspects and priorities of security: dissertation for the degree of Ph.D. / Z.H.Zhanbekova . - KEUK 2008 . - 21 .
7. Kazakhstan Respublikasynдағы halyқтың турмыс деңгейін monitoringileу . Elektronдық кестелер . 2013 zhyldyñ 1 тоқсаны // Statistics Agenttiginіñ websites : // [www.kaz.stat.kz](http://www.kaz.stat.kz) 2013.
8. Turaly aqparattyk Germany `s Deutsche Welle. - 2008 . - // [Http://www.dw-world.de](http://www.dw-world.de)
9. Kirshke E. International Agricultural Economics and Agricultural Policy // International Agricultural Journal. - 2000. - № 6. - S. 5-13 .